

ЭЛЕКТРОНДЫҚ SIMPLY ӘМИЯНЫ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША ОПЕРАЦИЯЛАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІН ҰСЫНУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

1. Келісімнің жалпы бөлімі

1.1. Осы Электрондық Simply әмияны және электрондық ақша операцияларына қызмет көрсету бойынша төлем қызметтерін ұсыну туралы келісім (бұдан әрі – «**Келісім**») электрондық Simply әмияны арқылы электрондық ақшаны шығару, пайдалану, өтеу, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен, төлем қызметтерінің мынадай түрлерін көрсететін төлем ұйымы болып табылатын «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (БСН 070940019233) 05.05.2018 жылғы № 02-18-036 және 26.08.2020 жылғы №0001923 ұсынылатын электрондық ақшамен операцияларды жүзеге асыру шарттарын айқындайды:

- электрондық ақшаны пайдалана отырып, жасалатын төлемдерді қабылдау және өңдеу жөніндегі қызметтер,
- ақша жөнелтушінің банктік шотын ашпай, төлемді жүзеге асыру үшін қолма қол ақшаны қабылдау жөніндегі қызметтер,
- клиент бастамашылық жасаған төлемдерді электрондық нысанда өңдеу және осы Келісімге қосылған, бұдан әрі «**Оператор**» деп аталатын, жеке тұлғаға төлем деректері бойынша төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру немесе ақша қабылдау үшін қажетті ақпаратты банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға беру жөніндегі қызметтер.

1.2. Осы Келісімде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Абонент - ұялы байланыс операторы Ұялы байланыс қызметтерін ұсыну туралы шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға.

Абоненттік нөмір – ұялы байланыс операторының желісіне қосылған кезде ұялы байланыс операторы бөлетін және басқа Абоненттік құрылғылар қосылған кезде желіге қосылған ұялы байланыс абоненттік құрылғысын сәйкестендіретін Абоненттің телефон нөмірі. Ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы қысқа мәтіндік хабарламаларды (SMS, PUSH, USSD) қабылдауды және жіберуді көздеуі тиіс.

Авторлану - Оператормен жүргізілетін Клиент енгізген анықтап танитын деректерді талдау және салыстыру процесі, соның нәтижелері бойынша Клиенттің мобильді қосымша арқылы, оның ішінде электрондық Simply әмиянының көмегімен электрондық ақшамен төлемдер және/немесе аударымдар және өзге де операциялар жасауға қол жеткізу құқығының болуы айқындалады.

Электрондық ақша агенті (Агент) - Электрондық ақша эмитентінен немесе Электрондық ақша иеленуші жеке тұлғалардан электрондық ақшаны сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға. Осы Келісім шеңберінде Агент функцияларын Оператор жүзеге асырады.

Анықтап тану деректері - Клиенттің мобильді қосымшаның сервистеріне қол жеткізуі және/немесе электрондық ақшамен операциялар жасауы үшін қолданылатын бірегей пайдаланушы аты (логин), құпия сөз (password) және/немесе PIN код және/немесе Растау коды. Анықтап тану деректері Клиентті «Simply/Симпли»/Менің «Beeline-ым» мобильді қосымшасы сервисінде тіркеу кезінде беріледі.

Бонус – Оператормен Клиенттердің пайдасына өзекті маркетингтік бастамалар шеңберінде есептейтін қосымша сыйақы, көтермелеу, үстемеақы. Бонустар Клиентке және/немесе «Simply/Симпли»/Менің «Beeline-ым» мобильді қосымшасының пайдаланушысына бонустардың рефералды және коалициялық серіктестік бағдарламаларының қатысушысы ретінде есептеледі. Бонустар Оператормен Клиенттің бонустық шотына және бонустардың рефералды және коалициялық бағдарламасына қатысушыларға есептеледі және олармен осы Келісімде белгіленген тәртіппен және шарттарда пайдаланылады.

Бонустың негізгі міндеті - Компания мен серіктестердің өнімдерін сатып алуға, Компания мен серіктестердің қызметтерін пайдалануға тұрақты қарым-қатынасты көтермелеу және ынталандыру.

Бонустық шот - Оператормен бонустарды есептеу мен пайдалануды есепке алу үшін ашатын ішкі (техникалық) шот.

Көшірме - Оператормен белгіленген нысан бойынша қалыптастырылатын, Simply электрондық әмиянындағы Клиенттің операцияларын көрсететін көшірме.

Ақпараттық пакет – Оператормен Пайдаланушыға ақпараттық-анықтамалық материалдарды, оның ішінде Пайдаланушыға төлемдер/аударымдарды жүзеге асыру мақсатында Пайдаланушыға

қолжетімді ақша қаражатының көлемі туралы ақпаратты ұсынуға бағытталған, Пайдаланушы жасаған және алған жүзеге асырылған операциялар шоттарында көрсетілетін қызмет және т.б..

Клиентті сәйкестендіру – Оператордың ішкі құжаттарымен бекітілген рәсімдер негізінде Клиенттің жеке басын анықтау / растау.

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) – Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы жеке тұлға үшін қалыптастыратын және Клиенттің жеке басын куәландыратын құжатта немесе уәкілетті мемлекеттік орган берген өзге де құжатта көрсетілетін бірегей нөмір.

Клиент / Пайдаланушы - Есептік жазбаны басқару, Есептік жазбаның Теңгерімінде Электрондық ақшаға қол жеткізуді жүзеге асыру мақсатында, Электрондық ақшаны сатып алу, төлемдерді және/немесе аударымдарды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті әрекетке қабілеттілігі мен құқық қабілеттілігі бар, олармен осы Келісімді жасауға бағытталған конклюденттік іс-әрекеттер жасаған және пайдалану үшін Төлем сервисіне қол жеткізу үшін анықтап тану деректері бар жеке тұлға.

Коалициялық бейілділік бағдарламасы - әр түрлі тауарлар мен қызметтерді сатушыларды бірыңғай жеңілдік жүйесімен біріктіру. Коалициялық типтегі бейілділік жүйесінің жалпы атауы, бірыңғай тұжырымдамасы бар және серіктестердің өзара әрекеттесуі мен өзара есеп айырысу қағидаларын анықтайды.

Растау коды – Төлемді және/немесе аударымды растау мақсатында Оператормен Клиентке оның абоненттік нөміріне SMS/PUSH-хабарлама арқылы ұсынылатын цифрлардың бірегей реттілігі.

Код сөзі – бұл Клиенттің міндетті сәйкестендіру белгілерінің бірі, электрондық Simply әмиянын ұстаушысының шот туралы ақпаратты (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей) алған және/немесе Мобильді қосымшаның чатында операциялар жасаған кезде оның жеке басын қашықтықтан тексеру мүмкіндігі үшін қолданылады. Код сөзі Клиентпен Мобильді қосымшада дербес орнатылады.

Логин — Пайдаланушының Қазақстандық ұялы байланыс операторларының Абоненттік нөміріне сәйкес келетін таңбалардың 10 таңбалы цифрлы комбинациясы.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) - қылмыстық құқық бұзушылықтардан түсетін кірістерді білдіретін мүлікті айырбастау немесе аудару түрінде мәмілелер жасау арқылы қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңды айналымға тарту немесе егер мұндай мүлік қылмыстық құқық бұзушылықтардан түсетін кірісті білдіретіні белгілі болса, мұндай мүлікті иелену және пайдалану, оның шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, билік ету, орын ауыстыру тәсілін, мүлікке немесе оның тиесілілігіне құқықтарын жасыру немесе жымқыру, сол сияқты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті жария етуде делдал болу;

Simply/Симпли мобильді қосымшасы (Мобильді қосымша) — өзіне-өзі қызмет көрсетудің және сервистер мен қызметтерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі, ол арқылы Пайдаланушыға тіркеу рәсімінен кейін өзінің электрондық әмиянын басқару мүмкіндігі беріледі. Әмиянды басқару дегеніміз - қызметтерді қосу/өшіру, Simply электрондық әмиянын шығару, Мобильді қосымша арқылы электрондық Simply әмиянын пайдалану, әмиянды және электрондық Simply әмиянын бұғаттау/бұғаттан ашу, лимиттерді басқару, әмияндағы электрондық ақшаны басқару, пайдаланылған қызметтер бойынша мәліметтерді алу, сондай-ақ басқа да әрекеттер жасау.

Хабарландыру – әмиянның нөмірін көрсете отырып, электрондық әмиянды ашу туралы, есептен шығару жөніндегі операциялар (Сервис Операторының пайдасына төлемді есептен шығару жөніндегі операцияларды қоспағанда) және Пайдаланушының Есептік жазбасын толықтыру жөніндегі операциялар туралы Оператордың техникалық құралдары арқылы Пайдаланушының Есептік жазбасын тіркеу кезінде көрсетілген абоненттік нөмірге Пайдаланушыға қысқа мәтіндік хабарламаларды/хабарландыруларды (PUSH/SMS-хабарламаларды) жіберу жөніндегі Сервис Операторы.

«КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС операторы – электрондық ақшаны пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптастырылатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді қоса алғанда, электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуін, сондай-ақ электрондық ақша эмитентімен (эмитенттерімен) жасалған шартқа сәйкес электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын айқындайтын Қазақстан Республикасының төлем ұйымы. Оператор электрондық Simply әмиянын және Мобильді қосымшаны сүйемелдеуді және қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

Құпиясөз — Пайдаланушы өзі анықтайтын (бастапқы тіркеуді қоспағанда) Мобильді қосымшаға кіруге арналған сандық код.

Клиенттің дербес деректері – Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Оператордың ішкі құжаттарына сәйкес электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық

тасымалдағышта тіркелген жеке тұлғаға қатысты немесе олардың негізінде айқындалатын мәліметтер.

Төлем субагенті - Клиенттің төлем сервисіндегі электрондық әмиянын толықтыру мақсатында төлем агентімен жасалған шарт талаптарында Электрондық ақшаны іске асыру бойынша төлем сервистерін жүзеге асыратын заңды тұлға және/немесе жеке кәсіпкер.

Төлем - Клиенттің төлемді және/немесе аударымды Алушы алдындағы қаржылық міндеттемелерін өтеу мақсатында Клиенттің Эмитент атына ақпарат беру және Электрондық ақшаны пайдалана отырып, есеп айырысуды жүзеге асыру жөніндегі операция.

Мобильді қосымшаның төлем сервисері (Simply/Симпли/Менің «Beeline-ым»)

(Төлем сервисі немесе Мәнмәтінге байланысты сервис) - Клиентке мынадай қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың жиынтығы:

- Төлемдер және/немесе аударымдар жасау мақсатында Есептік жазбаға қол жеткізуді жүзеге асыру бойынша;
- жасалған Төлемдер және / немесе аударымдар туралы шоғырландырылған ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және ұсыну бойынша;
- жасалған операциялар, сондай-ақ жоғарыда аталғандармен тікелей байланысты және оларды дұрыс көрсету үшін қажетті өзге де ақпараттық-технологиялық қызметтер туралы Төлемдерді және/немесе аударымдарды алушыларды хабардар ету бойынша (Клиенттің тапсырмасы бойынша). Төлем сервисі Пайдаланушының есептік жазбасын тіркеуге, сондай-ақ оны басқаруға мүмкіндік береді. Сервистің жұмысын ұйымдастыруды және Тараптардың өзара құқықтары мен міндеттемелерін есепке алу бойынша қызметтер көрсетуді Сервис операторы жүргізеді.

Пайдаланушы Есеп жазбасының теңгерімін толтыру (Электрондық әмиянды толтыру) —¹ бұл Пайдаланушының (ол уәкілеттік берген өзге тұлғаның) осы Келісімде көзделген тәсілдердің бірімен Пайдаланушының Есептік жазбасы Теңгерімінің қалдығын ұлғайту мақсатында ақша қаражатын енгізуі.

Пайдаланушы құрылғысы — берілген пайдаланушы ақпаратын беру немесе қабылдау үшін байланыс сигналдарын қалыптастыратын Android, IOS операциялық жүйесімен алдын-ала орнатылған смартфон немесе планшет түрінде жеке пайдалануға арналған байланыс құралы.

Жүйенің қағидалары - Мобильді қосымшада <https://kempay.kz/ru/doc> / веб-сайтында орналастырылған «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС Төлем ұйымының қызметін жүзеге асыру қағидалары.

Тіркеу — Мобильді қосымшаға тіркелу үшін Логин мен Күпия сөзді бірінші енгізу.

Әмиян деректемелері – Клиентті Мобильді қосымшаға тіркеу кезінде электрондық әмиянға берілетін сандардың бірегей тіркесімі (сәйкестендіру нөмірі).

Жүйе операторының сайты (веб-сайт) — www.simply.cards Simply өнімі жөніндегі ақпаратты орналастыру бөлігінде және www.kempay.kz Компанияның жария құжаттамасы мен ақпараты бөлігінде.

Белсенді Пайдаланушы мәртебесі - төлем сервисін пайдалану кезінде жасалатын өзге де іс қимылдарды есепке алмағанда, қатарынан 12 күнтізбелік ай ішінде кемінде бір рет Төлем және/немесе аударым жасау, оның ішінде Пайдаланушының Есептік жазбасын басқаруға бағытталған әрекеттерді жасау мақсатында, төлем сервисін пайдаланған Пайдаланушыға Оператор белгілейтін Пайдаланушының мәртебесі, жасалған төлемдер және/немесе аударымдар туралы шоғырландырылған ақпаратты алу, Оператордың атына өзге де ақпараттық сұраныстармен жүгіну.

Белсенді емес Пайдаланушы мәртебесі - төлем және/немесе аударым жасау үшін Төлем сервисін пайдаланбаған және/немесе Пайдаланушының Есептік жазбасы бұғатталған жағдайда, Сервис Операторының талабына сәйкес құжаттарды ұсынбаған Пайдаланушыға Оператор белгілейтін Пайдаланушы мәртебесі.

Тариф - белгілі бір төлем қызметі/төлем қызметтері үшін Оператормен белгіленген төлем.

Тауар - олардың арасында жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша жеке, отбасылық немесе үйде пайдалану үшін тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ Төлемді және/немесе аударымды алушылар түпкілікті тұтынушыларға (Пайдаланушыларға) өткізетін зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтар.

¹ Мәнмәтінге байланысты

Техникалық овердрафт - Клиенттің қалауы бойынша емес, күтпеген техникалық ақауларға немесе қателіктерге байланысты шығыс операциялары сомаларының шоттың қолжетімді қалдығынан асып кетуіне байланысты туындайтын техникалық берешек.

Есептік жазба – Төлемдер және/немесе аударымдар жасау мақсатында Электрондық ақшаны сақтауды, оларға қол жеткізуді қамтамасыз ететін электрондық әмиян.

Уәкілетті орган - «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қабылдайтын мемлекеттік орган.

Терроризмді қаржыландыру - ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беру немесе жинау, сондай-ақ берілген мүлік көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызметтер террористік қызметті жүзеге асыру немесе террористік топты, террористік ұйымды, заңсыз әскери құралымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жеке тұлғаға, немесе тұлғалар тобына не заңды тұлғаға олардың қызметінің террористік сипатын әдейі түсініп жасаған адамға сыйға тарту, айырбастау, қайырымдылық жасау, қайырымдылық көмек, ақпараттық және өзге де қызметтер көрсету немесе қаржылық қызметтер көрсету;

Электрондық Simply әмияны («Электрондық әмиян») – оларға билік етуді қамтамасыз ететін электрондық ақшаны есепке алу және сақтау тәсілі;

Электрондық ақша - Электрондық ақша Эмитентінің электрондық нысанда сақталатын және сервистің басқа Қатысушылары төлем және/немесе аударым құралы ретінде қабылдайтын шартсыз және қайтарылмайтын ақшалай міндеттемелері.

Электрондық ақша эмитенті (Эмитент) – Электрондық ақшаны шығаруды және өтеуді жүзеге асыратын және Клиенттер жасайтын Төлемдер және/немесе аударымдар бойынша есеп айырысуды қамтамасыз ететін екінші деңгейдегі банк.

Message - Пайдаланушының Сервиске қашықтан қол жеткізу мақсатында мобильді операциялық жүйелерді басқаратын Пайдаланушының абоненттік құрылғысы үшін мессенджер бағдарламасын пайдалана отырып, хабарлама жіберу арқылы төлем және/немесе аударым жасау туралы Пайдаланушының өкімін куәландыру тәсілі.

Push-хабарламалары – Пайдаланушыға Оператордан Мобильді қосымша арқылы Пайдаланушы құрылғысына келетін қысқаша қалқымалы хабарламалар.

SMS-растамасы - Пайдаланушыға Төлемді және/немесе аударымды растау немесе Сервисте тіркеу үшін сервистік SMS-хабарламаларды жіберу жөніндегі Оператордың қызметі.

SIM-карта - ұялы байланыс абонентін сәйкестендіретін және байланыс операторының қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін, ұялы байланыста қолданылатын абоненттің сәйкестендіру электрондық модулі.

e-Otinish - түрлі сала сарапшыларының, сондай-ақ орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, орталық мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының тұрғындарымен/азаматтарымен сұрақ-жауап форматында тікелей өзара іс-қимылына арналған платформа (<https://eotinish.kz/>).

Осы Келісімде анықтамалары мен мәндері көзделмеген терминдер, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жүйенің қағидасында осы терминдер үшін көзделген анықтама мен мәнге сәйкес түсіндіруге жатады.

2. Келісімнің мәні

2.1. Осы Келісімге сәйкес Оператор мыналар бойынша қашықтықтан қызмет көрсетеді:

- электрондық ақшаны пайдалана отырып, жасалатын төлемдерді қабылдау және өңдеу бойынша,
- Клиент бастамашылық жасаған төлемдерді электрондық нысанда өңдеу және төлем деректері бойынша төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру немесе ақша қабылдау үшін қажетті ақпаратты банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға беру бойынша, сонымен қатар
- Клиенттің Төлемді және/немесе аударымды, электрондық әмиянды беру және қызмет көрсету қызметін алушылардың пайдасына есеп айырысуды жүзеге асыруы мақсатында, төлем Сервисі шеңберінде Электрондық ақшаны пайдалана отырып, операцияларды жүзеге асыру кезінде

қалыптастырылатын ақпаратты жинау, өңдеу және беру бойынша, ал Клиент осы қызметтерді қабылдайды және олар үшін сыйақыны осы Келісімде көзделген тәртіппен төлейді.

2.2. Осы Келісімнің шарттарын Клиент шарттарды акцепттеуге бағытталған конклюденттік іс-әрекеттер жасау арқылы оларға жалпы қосылу тәсілімен ғана қабылдай алады, осыдан кейін осы Келісім жасалды деп есептеледі, бұл жеке тұлғаның барлық шарттарды ешқандай алып қоюсыз және шектеусіз толық және сөзсіз қабылдағанын растайды. Осы тармақ осы Келісімнің шарттары қабылданғанға дейін есептік жазбаны тіркеуді жүзеге асырған Клиенттерге қолданылмайды, мұндай Клиенттер үшін осы Келісімнің талаптары Электрондық ақшамен кез келген операция жасалған кезден бастап, оның ішінде есептік жазбаны басқару, ақпарат алу немесе сұраныс жасау және т.б. жағдайда күшіне енеді.

2.3. Электрондық әмиянды толтыру, төлемдер және / немесе аударымдар, өтеуге электрондық ақшаны ұсыну және электрондық ақшамен жасалатын өзге де операциялар Клиентпен осы Келісімде көзделген тәртіппен және шарттарда, ал осы Келісімде реттелмеген бөлігінде - Жүйенің қағидасында жүзеге асырылады. Осы Келісімді оның шарттарын акцептеу тәсілімен қабылдай отырып, Абонент өзінің келісімін растайды және Жүйенің қағидасына қандай да бір алып қоюсыз және шектеусіз толық көлемде қосылады.

2.4. Клиенттің осы Келісімге қосылу тәртібі:

2.4.1. Осы Келісімге қосылу және Төлем сервисінде Есептік жазбаны тіркеу үшін Клиент Абоненттік нөмірді пайдаланады.

2.4.2 Клиенттің осы Келісімге қосылуы Клиентті таныстыруды және оның осы Келісімнің шарттарымен, Жүйе қағидасымен келісуін білдіреді.

2.4.3. Клиенттің осы Келісімге қосылу сәті Клиенттің мынадай әрекеттердің бірін жасау сәті болып саналады:

➤ Жүйе Қағидаларына қосылу;

➤ веб-сайтта немесе Пайдаланушы құрылғыларына арналған кез келген өзге ресурстарда немесе қосымшаларда осы Келісім мәтінінің қасында тиісті өрісте белгі (белгі қою) түрінде көрсетілген осы Келісімнің шарттарымен өз келісімін растау;

➤ Мобильді қосымшаның көмегімен Сервисте Есептік жазбаны дербес тіркеуді жүзеге асыру.

Мобильді қосымша арқылы тіркелу үшін:

а) Мобильді қосымшаны орнату керек;

б) тіркеу нысанына Абоненттік нөмірді енгізу керек, тіркелу кезінде Клиентпен көрсетілген Абоненттік нөмір Сервисті пайдалану кезінде Пайдаланушы аты (Логин) ретінде қолданылатын болады.

в) Анықтап тану деректерін құрайтын SMS-растаманы алғаннан кейін мұндай деректерді тіркеу нысанына енгізу керек.

Клиент SMS-растамада Оператордан алған Анықтап тану деректерін дұрыс енгізгеннен кейін тіркеу аяқталды деп есептеледі.²

➤ Сервисті пайдалану мақсатында Оператордың жарнамалық материалдары мен коммуникацияларында көрсетілген нөмірге SMS жіберу.

➤ USSD мәзірінде Оператор көрсеткен пәрменді (көрсетілген санды теру) теру арқылы өз келісімін растау.

➤ «КаР-Тел» ЖШС (TM Beeline) мобильдік қосымшасында осы Келісімнің шарттарымен өз келісімін растау және Абоненттік нөмірге есептік жазбаны кейіннен тіркеу.

➤ осы Келісімнің өзекті нұсқасымен орналастырылған интернет желісінде мекенжайын көрсете отырып, осы Келісімге сілтемесі бар Оператормен өзге келісімдерге қол қою.

2.5. Оператор өз қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

2.6. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент Операторға өзінің дербес және / немесе биометриялық деректерін жинауға және өңдеуге өзінің сөзсіз келісімін береді, оның ішінде:

– тегі, аты, әкесінің аты (соңғысы - бар болса);

– туған жылы, айы, күні, орны;

² Электрондық әмиянды ашқаннан кейін Клиент Мобильді қосымшаның жеке кабинетінде электрондық әмиянның сәйкестендіру кодын көрсете отырып, электрондық әмиянның электрондық ақша жүйесінде оған ашылғаны туралы хабарлама алады.

- жынысы;
- электрондық пошта мекенжайы (бар болса);
- жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);
- ұялы телефон нөмірлері;
- тұрғылықты (тіркелген) мекенжайы,
- фотосуреттер / бейне;
- жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (олар ұсынылған жағдайда);
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өзге құжаттар,

мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, оның ішінде: (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей):

дербес деректерді трансшекаралық тәсілмен беруді, дербес деректерді үшінші тұлғаларға және үшінші тұлғалардан (оның ішінде мемлекеттік Дерекқорының иелері мен операторлары, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, Несиелік бюролар, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері, микроқаржы ұйымдары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымдық бөлімшелері/ұйымдары, байланыс операторлары және Оператор Клиенттің дербес деректерін өңдеу үшін тартатын өзге де үшінші тұлғалар) (оның ішінде болашақта түсетін) беруді және алуды қоса алғанда, жинау, өңдеу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), пайдалану, тарату, оның ішінде Оператор мен үшінші тұлғалар арасында, алдын ала скоринг және банктік қарыз беру шарттарымен осындай серіктестердің ұсыныстарын ұсыну үшін Оператормен шарттар жасасу, жасалған шарттарды орындау, Оператордың серіктестеріне (екінші деңгейдегі банктерге/микроқаржы ұйымдарына) дербес деректерді беру мақсатында иесіздендіру, бұғаттау, жою, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің өзге де талаптарын орындау мақсатында, қылмыстық жолмен алынған ақша қаражатын заңдастыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі нормативтік актілердің талаптарын орындау. Аталған әрекеттер автоматтандыру құралдарын қолдана отырып немесе онсыз жасалуы мүмкін. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Клиенттің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім оларды жинау және өңдеу мақсаттары үшін қажетті мерзім ішінде қолданылады. Клиенттің дербес деректерін жалпыға қолжетімді дереккөздерде тарату болжанбайды.

Осы Келісімге қосыла отырып, электрондық әмиянның қолжетімді теңгерімі, бонустардың қолжетімді теңгерімі, бірлескен ұсыныстар мен қызметтерді ұсыну мақсатында үшінші тұлғалардың мобильді қосымшаларында электрондық әмиянды пайдалана отырып, жүргізілген төлем операциялары бойынша деректерді қоса алғанда (бірақ олармен шектемей), Клиент электронды әмиян туралы ақпаратты Оператордың Клиентке көрсетуіне өзінің сөзсіз келісімін береді.

- 2.7. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент мына шарттарды түсінеді және қабылдайды:
 - а) Мобильді қосымшадағы «Бізбен байланыс» бөлімі арқылы Компаниямен қашықтықтан өзара іс-қимыл туралы.
 - б) осы Офертаның 2.7-тармағы а) тармақшасының шартымен келіспеген жағдайда, Компаниямен қашықтықтан өзара іс-қимылды «e-Отinish» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асыру.
- 2.8. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент Келісімнің 2.6-тармағында көрсетілген Келісімнің 5 (бес) жыл ішінде және/немесе Клиент «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС-не және байланыс операторларына жазбаша өтініш жолдау арқылы осындай келісімді кері қайтарып алған сәтке дейін қолданылады деген шартпен келіседі. Егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келсе немесе оператор және/немесе байланыс операторлары алдында орындалмаған міндеттемелер болса, Клиент дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімін қайтарып ала алмайды.
- 2.9. Өз Келісімін қайтарып алған жағдайда, Оператор тарапынан Клиентке Сервисті ұсыну толық көлемде тоқтатылады.
- 2.10. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент Оператордың Жұмыскерлеріне құрметсіздік білдіретін іскерлік хат алмасу әдебін бұзуға жол беретін Қолдау чатында Оператордың Жұмыскерлерімен өзара іс-қимыл жасау, балағат сөздер айту және/немесе қорлайтын сөзбен және/немесе тонмен хат алмасу кезінде жол бермеу туралы шарттарды түсінеді және оны қабылдайды. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, өз әрекеттері үшін ол үшін жағымсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін жеке жауапкершілікті мойындайды.
- 2.11. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент болашақта кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында Төлем сервисін пайдаланбайтынын және қолданбайтынын, сондай-ақ Сервисті Үшінші

тұлғалардың мұндай пайдалануына ықпал етпейтінін растайды. Клиент Оператордың тіркелген жеке кәсіпкерлер болып табылатын жеке тұлғалармен олардың кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру бөлігінде ынтымақтаспайтынын түсінеді және онымен келіседі және Клиенттің немесе үшінші тұлғалардың Клиенттің — жеке тұлғаның әмиянын пайдалана отырып, кәсіпкерлік қызметті жүргізуіне байланысты жасаған төлемдері, сондай-ақ осындай жеке тұлғалардың міндеттемелері бойынша ешбір жағдайда жауапты болмайды.

- 2.12. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент SMS-хабарламаларды және өзге де хабарламаларды, Оператордың және оның серіктестерінің жарнамалық-ойын-сауық сипатындағы қоңырауларын алуға келісімін береді.
- 2.13. Электрондық әмиян жалақы мен алимент төлеуге арналмаған.
- 2.14. Электрондық әмиян қазақстандық теңгемен жүргізіледі.
- 2.15. Электрондық әмиян ұстаушы бір уақытта 1 (бір) артық Simply /Симпли электрондық әмиянының иесі бола алмайды.
- 2.16. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент дербес деректерді беруге және/немесе электрондық әмиянға үшінші тұлғаға/үшінші тұлғаларға қол жеткізуге әкеп соққан іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті түсінеді және оны қабылдайды және бұл тұлғалар алынған мәліметтерді қылмыстық мақсатта пайдаланады, мұндай жағдайда, Клиент қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға кеңестермен, нұсқаулармен, осы әрекетті жасау ақпаратын, құралдарын немесе аспаптарын ұсынумен немесе оны жасауға кедергілерді жоюмен көмектескен адам ретінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға көмек көрсетуші, сондай-ақ орындаушыны, қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың құралдарын немесе өзге де құралдарын, осы әрекеттің іздерін немесе құқыққа қайшы жолмен алынған заттарды жасыруға алдын ала уәде берген тұлға, сол сияқты мұндай заттарды сатып алуға немесе сатуға алдын ала уәде берген тұлға деп танылуы мүмкін. Қаскүнемдерге дербес деректерді беруге және/немесе қылмыстық мақсатта пайдалану үшін электрондық әмиянға қол жеткізуге көрсеткен көмегі үшін «Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың түрлері» Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 28-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік көзделген.
- 2.17. Осы Келісіммен Клиент төлем және (немесе) ақша аударымын жасау «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 28.08.2009 жылғы № 191-IV ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының басқа да құқықтық актілерінің талаптарына қайшы келмейтінін, халықаралық экономикалық санкциялардың қолданысқа енбейтінін, халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталмайтынын, террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыруға және терроризмге немесе экстремизмге өзге де көмектесуге байланысты емес және терроризмді немесе өзге де қылмыстық қызметті қаржыландыруға бағытталмайтынын растайды.

3. Электрондық ақшаны сатып алу және төлем сервисін пайдалану тәртібі.

- 3.1. Оператордың осы Келісім бойынша тиісті қызмет көрсетуі мақсатында, Клиент Оператордың осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауы басталғанға дейін осы Келісімде көзделген тәртіпшен оның акцептін жүзеге асыруға және өз қалауы бойынша сомада Есептік жазбаның теңгерімін толықтыруға міндеттенеді.
- 3.2. Сервисті пайдалану мүмкіндігін алу үшін сервисте Есептік жазбаны дербес тіркеуді жүзеге асырғаннан кейін (Ақпараттық пакетке кіретін қызметтерді қоспағанда) Клиент Эмитенттен/Агенттен / төлем субагентінен Электрондық ақшаны мынадай тәсілдердің бірімен сатып алуға міндетті:
 - а) банк картасынан электрондық ақшаны сатып алу;
 - б) Клиент электрондық әмиян бойынша «Beeline» мобильді қаржы сервистері» қосымша байланыс қызметін пайдалануға келісімді іске асырған жағдайда, банкаралық есеп айырысу жүйелерінен немесе басқа Simply электрондық әмияндарынан және/немесе Абоненттің Дербес шотынан (Beeline мобильді теңгерімі) қаражат аудару тәсілімен әмиянды толықтыру³;
 - с) бір мезгілде Операторға Электрондық ақшаны сатып алу және Электрондық ақшамен операциялар жасау туралы нұсқау болып табылатын Абоненттік нөмірдің дербес шотынан өз шотына алғытөлем қаражатын қайтару туралы ұялы байланыс Операторына өкімдер («KaP-Тел» ЖШС (TM Beeline) ұялы байланыс операторымен ұялы байланыс қызметтерін көрсетуге шарт

³ Қызмет тек «KaP-Тел» ЖШС (Beeline CB) Клиенттері үшін қолжетімді

жасасқан абоненттер үшін қолжетімді). Ұялы байланыс операторынан алғытөлем қаражатын қайтару арқылы электрондық ақшаны сатып алу онымен шарттық қатынастарда белгіленген шектеулерді ескере отырып жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында және / немесе Жүйенің қағидаларында Клиенттің сәйкестендіру мәртебесіне байланысты Электрондық ақшаны сатып алу лимиттері белгіленеді.

- d) тағайындалған электрондық әмиянның нөмірін көрсете отырып, екінші деңгейдегі банктердің шоттарынан Оператордың IBAN шотына аудару арқылы жүзеге асырылады. Электрондық әмиян нөмірін көрсете отырып, көрсетілген IBAN шотына аударым жасау Клиент Операторға аударым сомасына электрондық ақшаны сатуға және электрондық әмиянға аударуға өкім береді (сәйкестендірілмеген клиенттер үшін қолжетімсіз). Клиент өзінің банктік шотынан аударым жасау арқылы Операторға Агент ретінде аударым сомасына электрондық ақшаны сатуға нұсқау береді. Қызмет көрсету мерзімдері, шектеулер және қайтару шарттары қызмет сипаттамасында Жүйе Операторының Сайтында көрсетілген.

3.3. Клиентке Есептік жазба берілген сәттен бастап соңғысының Оператордың тарифтері бойынша Мобильді қосымшаның ішіндегі тиісті бөлімдерде көрсетілген ақпараттық пакет және операциялар көлемінде қызметтерді алуға құқығы бар.

3.4. Төлем қызметінде Клиентке келесі қызметтер қол жетімді:

- 1) Агенттерден (Төлем Субагенттерінен) электрондық ақшаны сатып алу;
- 2) Агентке/Төлем Субагентіне Электрондық ақшаны өтеу;
- 3) тауарлар мен қызметтерді ұсынатын Мерчанттардың пайдасына Төлемдер және/немесе аударымдар жасау;
- 4) жеке тұлғалар-Клиенттер арасында Электрондық ақша аударымдарын жүзеге асыру;
- 5) электрондық ақшамен айырбастау операцияларын жүзеге асыру;
- 6) ақпараттық қызметтерді алу: жасалған операциялар туралы ақпарат, өзінің электрондық әмиянының ағымдағы теңгерімінің жай-күйі, Электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуіне қатысты анықтамалық және өзге де ақпарат;
- 7) Электрондық ақша жүйесінде электрондық хабарламаларды басқа электрондық әмиян иелерімен бөлісу;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде Келісімде, Жүйе қағидаларында, Электрондық ақша жүйесіне қатысушылармен шарттарда көзделген өзге де операцияларды жүзеге асыру;
- 9) Клиент «КаР-Тел» ЖШС («Beeline» СБ) байланыс операторы ұсынатын ұялы байланыстың Дербес шотының теңгерімін толықтыру мақсатында Оператордан электрондық ақша агенті ретінде электрондық ақшаны сатып ала алады. Клиент өзінің банктік шотынан аударым жасау арқылы Операторға Агент ретінде электрондық ақшаны олардың номиналды құны бойынша тең аударым сомасына айырбастауға өкім береді және бір мезгілде Операторға сатып алынған электрондық ақшаны «КаР-Тел» ЖШС (Beeline СБ) Мерчантына ұялы байланыс қызметтеріне ақы төлеуге аударуға өкім береді.

3.5. Белгіленген рәсім бойынша тіркеуден өткен жеке тұлға Электрондық ақша жүйесінде Электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иесі мәртебесін алады. Сәйкестендірілмеген Электрондық ақша иесі - жеке тұлға сәйкестендіру рәсімінен өтуі мүмкін. Жүйеде қолданылатын Электрондық ақшаны сәйкестендіру тәсілдері туралы ақпаратты Оператор Жүйе қағидаларында орналастырады.

3.6. Электрондық ақша жүйесінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өзгеруі мүмкін, Клиенттер жасайтын Электрондық ақшамен жасалатын операциялардың түрлері мен сомалары бойынша мынадай шектеулер қолданылады (мұндай жағдайда, заңнама бойынша шектеулер төменде көрсетілген тармақтардан басым болады):

3.6.1. *Сәйкестендірілмеген клиенттің электрондық әмиянына арналған:*

3.6.1.1. Бір операцияның ең жоғары сомасы 50 АЕК тең сомадан аспауы тиіс (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген көлеміне);

3.6.1.2. Бір электрондық құрылғыда (электрондық әмиянда) сақталатын Электрондық ақшаның ең көп сомасы 100 АЕК-ке тең сомадан аспайды (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген көлеміне);

3.6.1.3. Сәйкестендірілмеген Клиенттің пайдасына Электрондық ақшаны өтеуге тыйым салу;

3.6.2. *Жеңілдетілген сәйкестендірілген Клиенттің электрондық әмиянына арналған:*

- 3.6.2.1. Жеңілдетілген сәйкестендірілген Клиентпен жасалатын бір операцияның ең жоғары сомасы 100 АЕК-ке тең сомадан аспауы тиіс (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген көлеміне);
- 3.6.2.2. Жеңілдетілген сәйкестендірілген Клиенттің бір электрондық құрылғысында (электрондық әмиянда) сақталатын Электрондық ақшаның ең көп сомасы 300 АЕК-ке тең сомадан аспайды (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш жүз еселенген көлеміне);
- 3.6.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып және Электрондық ақша иесінің, оның ішінде Клиенттің Электрондық әмиянына берілген сәйкестендіру мәртебесіне байланысты Электрондық ақшамен жасалатын операциялардың түрлері мен сомалары бойынша өзге де шектеулер және оларды қолдану шарттары Оператормен орнатылады және Жүйе қағидаларында және www.simply.cards веб-сайтында орналастырылады.
- 3.7. Осы Келісімге қосыла отырып, «КаР-Тел» ЖШС абоненті болып табылатын Клиент Электрондық әмиян бойынша Электрондық ақшамен төлемдер және/немесе аударымдар жасау үшін Мобильді қосымша сервисінде тіркелу кезінде көрсетілген Абоненттік нөмірдің дербес шотын байланыстыруға келісімін береді. Электрондық әмиянда ақша жеткіліксіз болған жағдайда, төлемге және/немесе аударымға бастамашылық жасаған кезінде, Абонент электрондық әмиянды әр жолы «КаР-Тел» ЖШС-нің нұсқауын бере отырып, толықтыруға, алғытөлем ақшалай қаражатты оның Абоненттік нөмірінің дербес шотынан Есептік жазбаға (электрондық әмиянға) қайтаруға құқылы және осылайша, Операторға осындай қаражат есебінен электрондық әмиянды (Есептік жазбаны) толтыру үшін Электрондық ақшаны сатып алуға және Төлем және/немесе аударым толық аяқталғанға дейін операциялар жасауға және электрондық әмиян бойынша операцияларды орындауға байланысты шығыстар мен берешектерді жабуға нұсқау береді. Абоненттік нөмірдің дербес шотын байланыстыру ажыратылған кезде электрондық әмияннан операцияларды Абонент электрондық әмияндағы ақша қалдығы шегінде жасайды. Оператор Клиенттің тіркеу деректерінің Абоненттік нөмірдің тіркеу деректерімен сәйкес келмейтінін анықтаған жағдайда, Оператор Абоненттік нөмірдің дербес шотының электрондық әмиянына байланыстыруды және/немесе сервиске кіруді біржақты тәртіппен өшіруге құқылы.
- 3.8. Оператордың Клиентті әр операцияның (Төлемнің және/немесе аударымның) жасалғаны туралы хабардар етуі Сервистің «Тарих» және «Хабарлама» бөлімінде ақпаратты орналастыру тәсілімен жүргізіледі. Пайдаланушы «Тарих» бөліміндегі ақпаратты өз бетінше тексеруге міндеттенеді. Егер Пайдаланушы «Тарих» бөлімінде операциялар жасау туралы ақпаратты тексермесе, Пайдаланушының операция туралы ақпаратты алмағанына байланысты Оператор жауап бермейді. Пайдаланушы осы Келісімді мойындайды және акцептпен «Тарих» бөлімінде операция жасалғаны туралы ақпаратты орналастырған сәттен бастап Оператордың Пайдаланушыны хабардар ету жөніндегі міндеттемесінің тиісті түрде орындалғанын растайды.
- 3.9. Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен, Клиентке Компания тарифтеріне сәйкес қызметтер, оның ішінде бонус ұсынылады, соған сәйкес Компания Клиентке Клиент жасаған операциялар бойынша, оның ішінде Интернет арқылы белгілі бір соманы төлейді. Бонустарды беру шарттары Компанияның ішкі құжаттарымен айқындалады және Компанияның тиісті шешімінің негізінде Компаниямен біржақты тәртіппен өзгертілуі/толықтырылуы мүмкін. Бонустарды беру шарттары туралы ақпарат Компанияның сайтында орналастырылады.
- 3.10. Осы Келісім шеңберінде ұсынылатын Оператордың қызметтері өтеулі қызметтер болып табылады. Клиент осы қызметтерге белгіленген Тарифтер көлемінде және тәртіппен ақы төлеуге міндеттенеді
- 3.11. Оператор мынадай жағдайда Электрондық ақшамен операцияларды жүргізуден бас тартуға құқылы:
- электрондық әмияндағы электрондық ақша қалдығынан асатын сомаға аударымды жүзеге асыруға әрекет жасалған жағдайларда;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Операторда белгіленген лимиттен асатын сомаға операцияны жүзеге асыруға әрекет жасалған жағдайларда;
 - Клиентті сәйкестендіру қажет болған жағдайларда;
 - қаржы ұйымдарынан, төлем ұйымдарынан, ұялы байланыс операторларынан және қылмыстық қудалау органдарынан түскен алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша;
 - операция жасау Операторға немесе үшінші тұлғаларға залал келтіруі мүмкін болған басқа жағдайларда.
- 3.12. **Оператор:**

- 3.12.1. Клиенттен қызмет көрсету және Клиент жүргізетін операциялардың Қазақстан Республикасы заңнамасының қағидаларына сәйкестігін тексеру үшін қажетті кез келген құжаттар мен ақпаратты, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға, сондай-ақ санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы қолданыстағы заңнамаға қарсы іс-қимыл туралы ақпаратты сұратуға;
- 3.12.2. Клиенттің жұмысын тоқтата тұруға, сондай-ақ, егер операцияны жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасының соттары мен басқа да құзыретті органдарының шешімдерінде, шетел мемлекеттерінің заңнамасында, халықаралық ұйымдардың актілерінде, халықаралық санкцияларда, қолданылатын санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы заңнамада, шетел мемлекеттерінің соттары мен басқа да құзыретті органдарының шешімдерінде немесе олардың ресми түсіндірмелерінде тыйым салынса, немесе егер операцияға қатысушы/пайда алушы өздеріне қатысты халықаралық санкциялар немесе шетел мемлекеттерінің санкциялары қолданылған адамдардың тізбесіне енгізілген тұлға болып табылса, операция жасаудан бас тартуға;
- 3.12.3. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында немесе Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда, Клиенттің нұсқауын орындаудан біржақты бас тарту жолымен Клиентке біржақты тәртіппен хабарлама жібермей, Клиентпен іскерлік қатынастарды себептерін түсіндірместен тоқтатуға.
- 3.12.4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерін заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, Клиентке, оның өкіліне, бенефициарға тиісті тексеру және сәйкестендіру жүргізуді жүзеге асыруға;
- 3.12.5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша электрондық әмиян бойынша операцияларды жасау туралы Клиенттің өкімдерін орындаудан себептерін түсіндірместен бас тартуға/тоқтата тұруға, сондай-ақ Оператор Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес
- 3.12.6. Клиент Операторға Клиент операцияларының қаржылық мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаған жағдайда, Клиенттің операцияларын жасауды себебін түсіндірместен тоқтата тұруға құқылы.
- 3.12.7. мынадай жағдайда қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы:
- Клиенттің немесе Клиенттің бенефициарлық меншік иесінің /немесе Клиенттің немесе Клиентті бақылайтын адамның кез келген уәкілетті тұлғасының деректері ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қатысы бар адамдардың тізбесінде, алаяқтар немесе жалған кәсіпкерлер тізімінде, санкциялық тізімдерде немесе экспорттық бақылау шаралары бойынша тізімдерде көрсетілген тұлғалардың деректерімен сәйкес келген кезде немесе санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа жағдайларда;
 - Клиенттің резиденттік елі Оператормен ынтымақтастыққа жол берілмейтін/қолайсыз ететін немесе ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясаты тиісті түрде іске асырылмаған санкциялар немесе өзге де шектеулер енгізілген елдердің тізбесімен сәйкес келген кезде;
 - Клиент негізсіз себептер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, халықаралық талаптарға, Оператордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес болуы міндетті оның сәйкестендірілуіне немесе ол жүргізетін операцияларға қатысты ақпаратты ұсынбаған кезде.
- 3.12.8. Клиенттің сәйкестендіру мәртебесіне қарамастан, осы Келісімде немесе Жүйенің қағидаларында тікелей көзделген жағдайларда жеке басын куәландыратын құжаттарды сұратуға, сондай-ақ:
- осындай куәлікті талап ететін қосымша қызметтерді қосу үшін;
 - Операторда Клиент әрекеттерінің заңдылығына және Сервисті тиісінше пайдалануға күмән туындаған жағдайларда;

- Клиенттің іс-әрекеті Жүйе Операторының, Жүйенің басқа Қатысушыларының немесе үшінші тұлғалардың мүдделерін қозғайтын басқа жағдайларда.
- 3.12.9. Оператормен электрондық әмияндарға ақшаны қате / дұрыс есептемеген жағдайда ақшаны есептен шығарғанға дейін тиісті электрондық әмиянды және/немесе қате/қате есепке алу сомасын бұғаттауға. Осымен Клиент Операторға электрондық әмиянды және/немесе қате/қате есепке алу сомасын бұғаттауға келісімін береді (мұндай қате/дұрыс емес есептеу себебіне қарамастан).
- 3.12.10. Клиенттің келісімінсіз біржақты тәртіптегі бонустар мынадай жағдайларда жойылуы мүмкін:
 - егер бонустар Клиенттің бонустық шотына қате аударылса, мұндай жағдайда, Оператор бонустық шоттан бонустардың қате есептелген сомасына тең бонустардың сомасын есептен шығарады;
 - бұрын есептелген бонустар Бонустық шот бойынша соңғы операция жасалған күннен бастап 180 (жүз сексен) күн ішінде пайдаланылмаған жағдайда;
 - электрондық әмиян бойынша операциялар болмаған жағдайда, соңғы операция жасалған күннен бастап 180 (жүз сексен) күн ішінде;
 - техникалық себептерге байланысты (байланыс арналарының жұмысындағы ақаулар, сондай-ақ жабдықтар мен бағдарламалық қамтылымның техникалық және/немесе технологиялық істен шығуының өзге де жағдайларында);
 - Клиент электрондық әмиянды пайдалану шарттарын немесе осы Келісімнің шарттарын және/немесе ҚР заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда.
- 3.12.11. Оператор Қаржылық мониторинг жүргізу қорытындылары бойынша Клиенттерге/Мерчанттарға бонустар беру жөніндегі қатысушыларды біржақты тәртіппен бағдарламадан шығаруға құқылы.
- 3.12.12. Осы Келісімнің «Клиент міндеттенеді» 3.13-бөлімінің 3.13.7-тармағына сәйкес ақпарат берілмеген және/немесе фактісі анықталған жағдайда Сервисті ұсынуды шектеу және/немесе Клиентті сәйкестендіру деңгейін өзгерту.
- 3.12.13. Оператор Клиент осы Келісімнің «Келісімнің мәні» 2-бөлімінің 2.10-тармағын бұзған жағдайда, Пайдаланушыны қосымша мекенжай хабарламасынсыз Сервиске қолжетімділікті ұсынуды тоқтатуға құқылы.
- 3.12.14. Оператор осы Келісімнің 3.12 және 3.13.9-тармақтарын басшылыққа ала отырып, Клиенттің Абоненттік нөмірінің Дербес шотының ақшалай қаражаты есебінен жасалған операциялар бойынша Оператор алдындағы Клиенттің берешегін өтеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға құқылы.
- 3.12.15. жедел хабарламаларды (мессенджерлер) жіберу жүйелерімен, Push/SMS-хабарламалармен, электрондық поштамен, Клиенттің тіркеу мекенжайына пошта жөнелтілімімен (қағаз тасымалдағышта), «e-Оtinish» ақпараттық жүйесімен қоса, бірақ олармен шектелмей, Оператор Клиентпен қашықтықтан байланыс арналарының тізбесін біржақты тәртіппен айқындауға құқылы.
- 3.12.16. Клиент «Келісімнің мәні» 2-бөлімінің 2.10-тармағын бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің талаптарына сәйкес, Оператор Клиентке талап қою арқылы өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгіну, сондай-ақ залалдар мен сот шығындарын өтеуді талап ету құқығын өзіне қалдырады.
- 3.12.17. Оператор Клиентті кейіннен хабардар ете отырып, SMS/push-нотификациялар/Оператордың Интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру арқылы біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы (<http://www.simply.cards>):
 - Оператордың тарифтері, электрондық әмиянды пайдалана отырып, операцияны жүргізуге арналған лимиттер мен шектеулер;
 - Келісімде айқындалмаған қызмет көрсетудің өзге де шарттары.
- 3.12.18. Оператор осы Келісімнің 8.7-тармағында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, төлем және/немесе аударым бойынша электрондық әмиян Ұстаушының шағымын қарауды қабылдамауға құқылы;
- 3.12.19. Оператор мынадай жағдайда электрондық әмиянды, оның ішінде Келісімді біржақты тәртіппен кейіннен бұзу құқығымен бұғаттауға құқылы:
 - Simply мобильді қосымшасы орнатылған смартфонның жоғалғаны/ұрланғаны туралы хабарламаны алған кезде, сондай-ақ электрондық әмиянға рұқсатсыз кірген кезде;
 - Оператор алдындағы кез келген міндеттемелер бойынша Клиенттің берешегі болған кезде;

- электрондық әмиян бойынша алаяқтық операцияларды жүргізуге күдік туындаса;
 - 12 ай бойы электрондық әмиянды пайдаланбаса;
 - Келісімде және / немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.
- 3.12.20. Оператор осы шарттарда белгіленген электрондық әмиянды Ұстаушы міндеттемелерін орындамаған жағдайларда, электрондық әмиянның күшін жоюға және Келісімді бұзуға құқылы;
- 3.12.21. Оператор Клиентке электрондық әмиян бойынша жүргізілген төлемдердің және/немесе аударымдардың даулы сомаларын мынадай шарттар сақталмаған жағдайда өтемейді:
- электрондық әмиянды пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Келісімнің және/немесе Оператордың ішкі құжаттарының талаптары;
 - осы Келісімнің және Қағидалардың талаптарына сәйкес белгіленген лимит шегінде электрондық әмияннан төлемді және / немесе аударымды жүргізу шарттары;
 - операцияның орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті ақша сомасын Мобильді теңгерімге немесе әмиянға уақытылы орналастыру шарттары,
 - егер тексеру нәтижесінде транзакцияны электрондық әмиянның заңды Ұстаушысы болып табылмайтын тұлғаның жасағаны анықталса,
- 3.12.22. Оператор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және/немесе Оператордың ішкі құжаттарына сәйкес келмеген жағдайда, электрондық әмиян бойынша шығыс операцияларын жүзеге асыруға тыйым салуға құқылы;
- 3.12.23. Оператор алаяқтық операцияларды болдырмау және Клиентті электрондық әмиянға рұқсатсыз кіруден қорғау мақсатында, төлемдердің және/немесе аударымдардың жекелеген түрлеріне лимиттер мен шектеулер белгілеуге құқылы;
- 3.12.24. Оператордың бастамасы бойынша электрондық әмиян бұғатталған жағдайда, Оператор хабарлау тәсілін (қашықтағы қызмет көрсету арналарында, PUSH немесе SMS-хабарламада жазбаша) таңдауға құқылы;
- 3.12.25. Оператор Клиентке электрондық әмиян бойынша лимиттер мен шектеулерді алып тастаудан/өзгертуден бас тартуға құқылы;
- 3.12.26. Оператор мынадай жағдайда залалды өтеуден бас тартуға құқылы:
- егер Клиент электрондық әмиянды Пайдалану қағидаларын бұзған болса (электрондық әмиянға қолжетімділікті 3-ші (үшінші) тұлғаларға беру,
 - егер Клиент алаяқтық операцияларды жасауға ықпал еткен болса және т.б.).

3.13. Клиент:

- 3.13.1. Операторға Қазақстан Республикасының заңнамасына, қолданылатын санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы заңнамаға және / немесе Оператордың ішкі құжаттарына сәйкес ұсынуға талап етілетін операцияларға қатысты тиісінше ресімделген құжаттарды ұсынуға;
- 3.13.2. өзінің бенефициарлық иелері, Клиентті бақылайтын тұлғалар туралы ақпаратты қоса алғанда, Операторға Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл заңнамасының талаптарын орындау үшін, сондай-ақ қолданылатын санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы заңнамаға сай қажетті ақпаратты беруге.
- 3.13.3. Операторға Қазақстан Республикасының төлем жүйелерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі, төлем жүйелерін реттеу және оларды қадағалау (оверсайт), төлем қызметтері нарығын реттеу және оны бақылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасында төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру саласындағы заңнамасының талаптарын орындау үшін қажетті ақпаратты беруге.
- 3.13.4. Операторға қызмет көрсету үшін дұрыс және толық ақпаратты (Т.А.Ә. (әкесінің аты – бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін, ЖСН, БСН, электрондық пошта мекенжайын және оның ішінде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өзге де ақпаратты ұсынуға міндетті;
- 3.13.5. Операторға 5 (бес) жұмыс күні ішінде деректемелердің өзгеруі және өзгертілген деректемелер (Т.А.Ә., жеке басын куәландыратын құжат, тұрғылықты жерінің мекенжайы,

- жұмыс орны және атқаратын лауазымы, азаматтығын/резиденттігін өзгертуі, ҚР ТЖК және/немесе өзге де елді таңдауы және т. б.) туралы ақпаратты жазбаша (Операторды Қолдау чатына) хабарлауға және беруге және Сервистің Мобильді қосымшасында сәйкестендіруден қайта өтуге міндеттенеді.
- 3.13.6. Клиент мәмілелерге тыйым салынған немесе тиісті санкциялармен немесе экспорттық бақылау шараларымен шектелген санкцияларға немесе экспорттық бақылау шараларына жататын тұлға немесе субъект болып табылмайтынын мәлімдейді, куәландырады және міндеттенеді.
- 3.13.7. Оператордың негізделген пікірі бойынша Оператор үшін қолайсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін осы Келісімде баяндалған куәліктердің және/немесе міндеттемелердің кез келгенін сақтамау, сондай-ақ Клиентті, оның лауазымды тұлғаларын, басшыларын, акционерлерін, бенефициарлық меншік иелерін, үлестес тұлғаларды шет мемлекеттердің санкциялық тізімдеріне қосу немесе санкциялар / экспорттық бақылау шаралары туралы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты санкциялар/ экспорттық бақылау шаралары туралы қолданылатын заңнаманың қолданылу аясын кеңейту немесе басқаша өзгерту Операторға осы Келісімді біржақты тәртіппен дереу бұзуға құқық беретін елеулі бұзушылық ретінде қарастырылуы мүмкін.
- 3.13.8. Техникалық іркіліс және өзге де себептер нәтижесінде, электрондық әмияндарға ақшаны қате/дұрыс есептемеген және/немесе аударған жағдайда, Клиент Операторға қате/дұрыс есептелмеген немесе аударылған ақшаны Оператор хабарлаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде толық көлемде қайтаруға міндеттенеді (Оператор хабарлау тәсілін дербес таңдайды).
- 3.13.9. Оператор алдында туындаған берешекті уақытылы өтеу. Оператор құқылы, ал Клиент осымен Клиенттің абоненттік нөмірінің дербес шотының ақшалай қаражаты есебінен жасалған операциялар бойынша Оператор алдындағы берешекті өтеуге келісімін береді.
- 3.13.10. Электрондық әмиянды пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Келісімнің талаптарын сақтау.
- 3.13.11. Осы Келісімнің және Қағидалардың талаптарына сәйкес белгіленген лимит шегінде электрондық әмияннан төлемді және/немесе аударымды жүргізу.
- 3.13.12. Электрондық әмиянның сақталуын, авторизациялық код пен код сөзінің құпиясын қамтамасыз ету. Оператордың жұмыскерлерін қоса алғанда, авторизациялық код туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу. Авторизациялық кодты және/немесе код сөзін телефон жазбаларына немесе үшінші тұлғалар үшін оңай қол жетімді өзге де дереккөздерге жазуға тыйым салынады.
- 3.13.13. Мобильді қосымшаны, логинді, код сөзін және авторизациялық кодтарды үшінші тұлғаларға пайдалануға беруге болмайды.
- 3.13.14. 3.13.12-тармақтан деректерді біреуге пайдалануға берген жағдайда, электрондық әмиянды пайдалана отырып, жұмсалған барлық ақша Электрондық әмиян ұстаушыға шартсыз тәртіппен жатқызылатын болады.
- 3.13.15. Мобильді қосымша орнатылған мобильді аппарат жоғалған немесе ұрланған жағдайда, Операторды қолдау чатына және/немесе simplycard@kazeuromobile.kz электрондық мекенжайына электрондық әмиянды бұғаттау туралы жазбаша өтінішпен дереу операторға хабарласу керек.
- 3.13.16. Электрондық әмиян бойынша алаяқтық операциялардың алдын алу мақсатында, Оператордан тиісті жазбаша хабарлама немесе SMS - хабарлама (хабарлау тәсілін Оператор өзі таңдайды) алған кезде электрондық әмиянды пайдалануды тоқтату керек.
- 3.13.17. Салық органдарымен барлық есептерді өз бетінше жүргізу.
- 3.13.18. Оператордың электрондық әмиян Ұстаушысының кінәсінен және/немесе электрондық әмиянды бұғаттауға байланысты шеккен барлық шығындары мен сот шығындарын сөзсіз тәртіппен өтеу.
- 3.13.19. Алаяқтық операциялардың алдын алуға қатысты Оператордың ұсыныстарын орындау.

4. Кәмелетке толмаған тұлғаның төлем Сервисін пайдалану шарттары.

- 4.1. Егер олар төлем Сервисін пайдаланса және толық әрекет ету қабілеттілігі басталғанға дейін өз табысы (мысалы, стипендия, табыс және т.б.) есебінен шағын тұрмыстық сауда мен сатып алуларды төлеу кезінде төлем жасаса, жеке тұлғалар 16 (он алты) жасқа толған кезде Клиенттер мен электрондық әмиянның Ұстаушылары бола алады.
- 4.2. Кәмелетке толмаған Клиент Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және осы Келісімнің Жүйе қағидаларын, талаптарын сақтауға міндеттенеді.
- 4.3. Кәмелетке толмаған Клиент Сервисті пайдалана отырып жасаған әрекеттерінің салдары үшін дербес жауап береді және Операторға және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген барлық залалдарды өтеуге міндеттенеді.
- 4.4. Кәмелетке толмаған Клиент осы Келісімге қосыла отырып, заңды өкілдерден осы Келісімді жасасуға және орындауға, оның ішінде ұялы байланыс операторымен ұялы байланыс қызметтерін көрсетуге шарт жасасуға қажетті келісімдерді алғанын растайды және Оператордың және/немесе үшінші тұлғалардың алдында келтірілген залалдардың толық көлемінде осы тармақтың шарттарын бұзғаны үшін жауапты болады.

5. «КаР-Тел» ЖШС (Beeline СБ) ұялы байланыс операторының бейілділігінің коалициялық бағдарламаларында Пайдаланушының есептік жазбасын пайдаланудың арнайы режимі

5.1. Оператор Simply/Симпли Пайдаланушыларының есептік жазбаларын қолдана отырып, «КаР-Тел» ЖШС (Beeline СБ) ұялы байланыс операторы бейілділігінің коалициялық бағдарламаларын іске асыру қызметтерін ұсынады, бұл ретте Пайдаланушы төмендегілермен келіседі:

- 1) Пайдаланушылар осы Келісімнің 2.2-тармағында көзделген іс-әрекеттер жасалған сәттен бастап «КаР-Тел» ЖШС (Beeline СБ) ұялы байланыс операторының коалициялық бейілділік бағдарламаларына қосылады.
- 2) Коалициялық бейілділік бағдарламаларының бизнес-қағидаларын ұйымдастырушы және меншік иесі «КаР-Тел» ЖШС (Beeline СБ) ұялы байланыс операторы болып табылады.
- 3) Ұялы байланыс Операторы «КаР-Тел» ЖШС (Beeline СБ) байланыс операторының қаражаты есебінен Абоненттің қолма-қол ақшасыз операцияларды жүзеге асырғаны үшін Абоненттің Дербес шотына коалициялық бейілділік бағдарламаларының сыйақы сомаларын есептеуді жүргізеді, ол ҚР Салық кодексінің 319-бабының 46-тармағына сәйкес жеке тұлғаның табысы ретінде қаралмайды.
- 4) Пайдаланушы бір мезгілде Операторға Электрондық ақшаны сатып алу және Электрондық ақшамен операциялар жасау туралы нұсқау болып табылатын Абоненттік нөмірдің дербес шотынан өз шотына қаражатты бір мезгілде аудару туралы тұрақты қолданыстағы өкімді береді. Ұялы байланыс операторынан алғытөлем қаражатын қайтару арқылы электрондық ақшаны сатып алу онымен шарттық қатынастарда белгіленген шектеулерді ескере отырып жүргізіледі.
- 5) Пайдаланушының есептік жазбасынан қаражатты қолдану Пайдаланушының сәйкестендіру деңгейімен анықталатын көлемде және тәсілдермен ұсынылады.

6. Оператордың Сервис Пайдаланушыларының дербес деректерін өңдеу

6.1. Сервис Пайдаланушыларының дербес деректерін өңдеу мынадай қағидаттарды сақтай отырып жүргізіледі:

- заңдылықты;
- нақты, алдын ала белгіленген және заңды мақсаттарға қол жеткізе отырып, дербес деректерді өңдеуді шектеу;
- дербес деректерді жинау мақсаттарына сәйкес келмейтін дербес деректерді өңдеуге жол бермеу;
- өңдеу бір-бірімен үйлеспейтін мақсаттарда жүзеге асырылатын, дербес деректері бар дерекқорларды біріктіруге жол бермеу.

6.2. Оператор тарапынан Пайдаланушылардың дербес деректерін өңдеу процесінде дербес деректерді оларға заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, дербес деректерді жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, ұсынудан, таратудан, сондай-ақ дербес деректерге қатысты

- өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті және жеткілікті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар қабылданады.
- 6.3. Пайдаланушылардың дербес деректерін өңдеу кезінде дербес деректерді өңдеу процесіне тікелей тартылған тұлғалардың дербес деректері бар ақпаратқа қол жеткізген кезде дербес деректер субъектілерін иесіздендіруге бағытталған технологиялық және техникалық құралдар мен технологиялық шешімдер пайдаланылады.
 - 6.4. Пайдаланушылардың дербес деректері қолданыстағы заңнамада белгіленген құқықтық және нормативтік-техникалық талаптарға сәйкес сақталады. Оператордың барлық ақпараттандыру объектілері ұйымдастырылған қорғалған байланыс арналары бар сегменттелген қорғалған периметрде орналастырылған.
 - 6.5. Оператор пайдаланушылардың дербес деректерінің биометриялық және арнайы санаттарын өңдеуді жүзеге асырады.
 - 6.6. Пайдаланушы өзінің дербес деректері өзгерген кезде мұндай өзгерістің оларға өзінің дербес деректерін бастапқы беру сияқты шарттармен орын алатынымен келіседі, қосымша келісімді ресімдеуді талап етпейді және өзгертілген дербес деректер бастапқыда ұсынылған дербес деректермен бірдей тәртіпмен өңделеді.
 - 6.7. Осы бөлімде немесе қолданыстағы заңнамада тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Оператор Мобильді қосымшаның функционалына қол жеткізу кезінде өңделетін пайдаланушылардың дербес деректерінің толық құпиялылығына кепілдік береді және оны қамтамасыз етеді.
 - 6.8. Оператор қаржылық қызметтерді, сондай-ақ оның серіктестері мен мемлекеттік органдарының қызметтері мен сервистерін ұсыну, оның ішінде Мобильді қосымшаны орнату және пайдалану және оларға қол жеткізуді жүзеге асыру, Пайдаланушыға қызметтерді көрсету, сондай-ақ Пайдаланушылармен жасалатын шарттарды тиісінше орындау үшін ақпаратқа ие болады немесе оны жинайды.
 - 6.9. Пайдаланушының атына ақпараттық, жаңалықтар және жарнамалық таратылымдарды жүзеге асыруды Оператор Пайдаланушының осындай таратылымдарды алуға келісімі болған жағдайда ғана жүргізеді. Пайдаланушы кез келген уақытта ол қол қойған немесе басқаша түрде келісімін берген кез келген хабарламадан бас тарта алады.
 - 6.10. Оператор Пайдаланушылардың дербес деректерін мынадай жағдайларда үшінші тұлғаларға беруге құқылы:
 - Пайдаланушы мұндай әрекеттерге анық келісімін білдірді.
 - Берілуі Пайдаланушымен жасалған шартты орындау үшін қажет.
 - Берілуі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген.
 - 6.11. Пайдаланушы кез келген уақытта Оператордан өзінің дербес деректерін өңдеуді тоқтатуды талап етуге құқылы.
 - 6.12. Оператор Сіздің деректеріңізді мынадай мақсаттарда өңдейді:
 - заңнама талаптарын сақтау және орындау мақсатында,
 - алаяқтықтың, қызметтерді дұрыс пайдаланбаудың алдын алу үшін шағымдарды қарауға, берешекті өндіріп алуға және заң процестеріне байланысты Оператордың мемлекеттік органдар алдындағы міндеттемелерін орындау мақсатында,
 - деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында.

7. Төлем төлеу сервисі қызметтерін көрсетуді тоқтату, қауіпсіздік және жауапкершілік.

- 7.1. Пайдаланушы құпиялылықты сақтау, рұқсатсыз пайдаланудың алдын алу және өзінің Анықтап тану деректерін 3 (үшінші) тұлға тарапынан рұқсатсыз кіруден қорғау бойынша барлық қажетті шараларды дербес қабылдауға міндеттенеді. Пайдаланушы өзінің анықтап тану деректерін, Есептік жазба байланған абоненттік нөмірі бар SIM-картаны, сондай-ақ осы SIM-карта орнатылған Пайдаланушы құрылғысын 3 (үшінші) тұлға үшін қолжетімсіз жерде сақтауға міндетті.
- 7.2. Пайдаланушы өзінің Анықтап тану деректерін және/немесе код сөзін 3 (үшінші) тұлғаларға бермеуге міндеттенеді. Клиенттің Пайдаланушы құрылғысы немесе SIM-картасы жоғалған, ұрланған немесе өзге де жағдайларда оның иелігінен шыққан жағдайда, Клиент осы Пайдаланушы құрылғысын және/немесе SIM-картаны үшінші тұлғалардың пайдалануына

- байланысты барлық тәуекелдерді жүйенің Операторына қашықтықтан клиенттерге қолдау көрсету қызметі арқылы хабарлау сәтіне дейін, Мобильді қосымшадағы немесе веб-сайттағы автоматтандырылған аймақ арқылы осы үшін арнайы арналған өтініш нысанын пайдалана отырып, хабарлама жіберу арқылы алады.
- 7.3. Пайдаланушы төлем Сервисіндегі барлық операциялардың Пайдаланушы дұрыс анықтап тану деректерін, растау кодтарын немесе Message-төлемді растау және/немесе Авторизация процесінде аударым арқылы берілген пәрмендерді енгізген жағдайда ғана жүргізілетініне өзінің келісімін хабарлайды және оны растайды.
- 7.4. Пайдаланушы Сервис мерзімі аяқталған немесе күші жойылған жағдайда, оның құпия сөзін дербес өзгертуге міндеттенеді. Құпия сөзді өзгерту Сервисіте тіркелген сәтте көрсетілген Абоненттік нөмірді пайдалана отырып жүзеге асырылады.
- 7.5. Пайдаланушы кез келген уақытта жүйе Операторының қолдау чатына және/немесе simplycard@kazeuomobile.kz электрондық мекенжайына жүгіне отырып, Сервисіте пайдалануға қол жеткізуді уақытша бұғаттауды жүзеге асыра алады.
- 7.6. Операторда осындай Пайдаланушының анықтап тану деректерін пайдалана отырып, Пайдаланушының Есептік жазбасына үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруіне (рұқсатсыз кіруіне әрекет жасауына) күдік туындаған жағдайда, немесе Құпия сөздің қолданылу мерзімі өткен жағдайда, Жүйе Операторы пайдаланушыға құпия сөзді өзгертуді ұсынады, бұл туралы Жүйе Операторы Сервисіте тіркелген сәтте Пайдаланушы көрсеткен Абоненттік нөмірге SMS-хабарлама/Push-хабарламасы арқылы Пайдаланушыны хабардар етеді. Бұл ретте жүйе Операторы өз қалауы бойынша Сервисіте пайдалануды тоқтата тұруға құқылы.
- 7.7. Пайдаланушының Есептік жазбасын Сервисіте тіркеу кезінде, Пайдаланушыға Сервисіте пайдалана отырып жүзеге асырылатын Төлемді және/немесе аударымды SMS-пен растау қызметі автоматты түрде қосылады. Жүйе Операторында Пайдаланушы жасаған Төлемнің және/немесе аударымның және дұрыс анықтап тану деректерін енгізудің заңсыздығына күдік туындаған жағдайда, Оператор SMS-пен растау қызметін көрсету шеңберінде Пайдаланушыға растау кодын жібермеу құқығын өзіне қалдырады. SMS-пен растау қызметі өтеусіз болып табылады және Сервисіте пайдалана отырып Төлемдерді және/немесе аударымдарды жүзеге асырудың қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында, Пайдаланушыға ұсынылады. Операторда үшінші тұлға Пайдаланушының есептік жазбасына рұқсатсыз қол жеткізді деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған жағдайда, Оператордың SMS-пен растау қызметін ұсынуды тоқтата тұруға құқығы бар. Оператордың Пайдаланушыға SMS-пен растау қызметін ұсынуды қайта бастауы оның міндеті емес, құқығы болып табылады.
- 7.8. Мынадай жағдайларды қоспағанда, жүйе Операторы Пайдаланушының деректеріне, сондай-ақ Пайдаланушының Сервисіте пайдалануына байланысты Операторға белгілі болған Пайдаланушы туралы өзге де ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауға міндеттенеді:
- мұндай ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезде;
 - ақпарат сұраныс бойынша немесе Пайдаланушының рұқсатымен ашылған кезде;
 - ақпарат Пайдаланушының контрагенттеріне осы Келісімнің талаптарын орындау үшін қажетті көлемде ұсынылуы тиіс болған кезде;
 - ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша немесе күдік туғызатын мәмілелер бойынша немесе соттың немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті сұраныстары келіп түскен кезде жария етуді талап еткенде.
- 7.9. Оператор кез келген уақытта Пайдаланушының қосымша мекенжай хабарламасынсыз Сервисіте пайдалану қауіпсіздігінің қосымша шараларын әзірлеуге және қолданысқа енгізуге құқылы. Осындай қосымша қауіпсіздік шараларын енгізу және осындай шаралардың енгізілуіне байланысты Пайдаланушылардың іс-әрекеттері туралы (егер бұл қолданылса) Оператор хабарламаны Жүйе Операторының Сайтында / Мобильді қосымшада орналастырады.
- 7.10. Оператор кәметке толмаған Клиенттер, сервиске алғаш рет қосылған Клиенттер және Клиенттердің өзге де топтары жасаған операцияларға лимиттерді ҚР заңнамасында және Компания қағидаларында айқындалған грацияға сәйкес белгілеуге құқылы. Бұл ретте Оператордың кінәсінен туындамаған, Пайдаланушы жүргізген транзакциялар бойынша лимиттер асып кеткен жағдайда, Оператор жауапкершіліктен босатылады.
- 7.11. Пайдаланушының Есептік жазбасын тіркеу кезінде Пайдаланушы көрсеткен Абоненттік нөмірдің күшін жоя отырып, ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шарт бұзылған жағдайда, Пайдаланушы жоғарыда аталған жойылған Абоненттік нөмірді қамтитын анықтап тану деректері арқылы Сервисіте пайдалануды тоқтатуға және осы Келісімді бұзуға міндетті.

- Операторда Абоненттік нөмірге қатысты ұялы байланыс қызметтерін ұсыну туралы шарт бұзылды деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде, Оператор үшінші тұлғалардың Сервисте Пайдаланушы және Төлем және/немесе аударым туралы ақпаратқа қол жеткізуін болдырмау мақсатында, алдын ала ескертусіз Пайдаланушының Есептік жазбасына кіруді бұғаттауды біржақты тәртіппен жүзеге асыруға, Келісімнің қолданылу кезеңінде Пайдаланушы жасаған Төлемдер және/немесе аударымдар туралы шоғырландырылған ақпаратты көрсетуді тоқтатуға, сондай-ақ, Есептік жазбаға кіру үшін жоғарыда аталған жойылған Абоненттік нөмірді қамтитын Пайдаланушымен енгізілген анықтап тану деректерін қабылдамауға құқылы.
- 7.12. Пайдаланушы осы бөлімде көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда, күдікті операцияларды жасауды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, сондай-ақ өзге де жағдайларда, Оператор өз қалауы бойынша Пайдаланушының Сервисті пайдалануға рұқсатын қосымша хабарламастан бұғаттауға құқылы.
- a) Пайдаланушының жіберілген бұзушылықты жою мерзіміне (Оператордың сұранысы бойынша құжаттарды / ақпаратты ұсынуды қоса алғанда) немесе
 - b) мерзімсіз, осы Келісімді біржақты тәртіппен бұза отырып, алдын ала ескертусіз.
- 7.13. Пайдаланушыға, Операторға, Эмитентке, Төлемдер және/немесе аударымдар бойынша есеп айырысуға қатысатын үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды қоса алғанда, залалдар үшін толық көлемдегі жауаптылық, Абоненттік нөмірді заңсыз пайдаланған, ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шартты бұзу, Абоненттік нөмірді ауыстыру туралы Операторға хабарламаған жағдайларда, Пайдаланушыға жүктеледі.
- 7.14. Есептік жазбаны тіркегеннен кейін Сервисті пайдалану құқығы айрықша болып табылады және берілмейді. Клиент өзінің анықтап тану деректерін және/немесе кодтық сөзін үшінші тұлғаға берген жағдайда, Клиент Сервисті пайдалана отырып, осындай үшінші тұлғалардың жасаған әрекеттері, сондай-ақ осындай үшінші тұлғалардың келтірген залалы үшін толық көлемде жауапты болады.
- 7.15. Оператор Сервисті пайдалану құқығын, анықтап тану деректерін, растау кодтарын, кодтық сөзді үшінші тұлғаларға берген жағдайда, немесе Операторға осы Келісімде немесе Жүйенің Қағидаларында айқындалған тәртіппен Сервиске немесе Есептік жазбаға рұқсатсыз кіру туралы, электрондық әмияндарды толтыру кезіндегі қателер, Төлем және/немесе аударым деректемелерінде немесе Сервистегі өзге де қате әрекеттер немесе операциялар туралы хабарланбаған жағдайда Пайдаланушыға келтірілген залал үшін жауапты болмайды. Осы Келісімнің шарттарымен келісе отырып, Клиент Есептік жазбаға және/немесе электрондық әмиянға кіру үшін өз деректерінің құпиялылығы мен қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі міндетпен танысқанын растайды, жоғарыда аталған барлық міндеттемелерді өзіне қабылдайды және Электрондық ақшаны пайдалану кезінде келесі ықтимал тәуекелдермен танысады, атап айтқанда:
- 1) возможная мошенническая деятельность третьих лиц, с Электронными деньгами Клиента, при передаче и получения Аутентификационных данных Клиента по незащищенным каналам;
 - 2) Клиенттің әмиянын дер кезінде бұғаттау үшін анықтап тану деректерін жоғалту және осы факт туралы Операторға дер кезінде хабарламау мүмкіндігі;
 - 3) Клиент Оператордың Операторға байланысты емес себептер бойынша Клиенттің және/немесе операциялардың деректерін заңсыз ұстап алғаны және/немесе пайдаланғаны үшін, сондай-ақ Клиенттің келісімімен операция деректерін пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың жасаған әрекеттері және/немесе мәмілелері үшін Оператордың жауапты еместігін растайды.
- 7.16. Оператор Мобильді қосымшаның және/немесе ЭА жүйесінің төлем сервистерінің уақытша жұмыс істемеуі, аппараттық немесе бағдарламалық құралдардың жұмысындағы іркілістер мен қателер, Оператордың кінәсінен болмаған Оператормен белгіленген лимиттердің іркілістері үшін жауапты болмайды және бұл жағдайда, Клиенттің ықтимал шығындары үшін жауапты болмайды.
- 7.17. Оператор осы материалдарды және/немесе ақпаратты алуға келіскен немесе үшінші тұлғалардың өзінің абоненттік нөмірі туралы деректерді алуға мүмкіндік берген, Клиентке үшінші тұлғалар жіберетін жарнамалық, ақпараттық және басқа материалдардың және (немесе) өзге де ақпараттың мазмұны мен нысаны үшін жауапты болмайды.
- 7.18. Клиенттің дербес деректерін пайдалануға байланысты емес мобильді қосымшаның және/немесе ЭА жүйесінің Төлем сервистерінің жұмысына араласуға бағытталған үшінші

тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері жағдайында, Оператор осындай әрекеттерді жүзеге асыру басталған сәтте, Клиенттің әмиян шотындағы сомасы шегінде Клиенттің шығындары үшін жауап береді.

7.19. Тараптар өздеріне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

- Сервис арқылы заңсыз қаржылық операцияларды, заңсыз сауданы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) жөніндегі операцияларды, терроризмді қаржыландыруды және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып, кез келген басқа операцияларды жүзеге асырмау;
- Сервисті кәсіпкерлік қызмет үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған тауарларға, жұмыстарға және/немесе қызметтерге ақы төлеуді қоса алғанда, қандай да бір заңсыз мақсаттар үшін пайдаланбау.
- заңсыз сауданың, заңсыз қаржылық операциялардың, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға бағытталған операциялардың әрекеттерін болдырмау.

7.20. Пайдаланушының Сервисті жүйелі түрде пайда табуға немесе кірісті жасыруға бағытталған операцияларды орындау үшін пайдалануға құқығы жоқ. Пайдаланушы лицензиялық талаптарды бұзғаны үшін тіркеусіз немесе тіркеу ережелерін бұза отырып, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін заңнамада белгіленген жауапкершілік туралы біледі. Белгіленген тәртіппен тіркелген діни және қайырымдылық ұйымдарын қоспағанда, Пайдаланушының Сервисті кез келген адамдардың, оның ішінде коммерциялық емес және қоғамдық ұйымдардың саяси және қоғамдық қызметін қаржыландыруға байланысты кез келген операцияларды жасау үшін пайдалануға құқығы жоқ. Оператор алдын ала ескертусіз біржақты тәртіппен Сервисті пайдалануға қол жеткізуді бұғаттауды жүзеге асыруға және/немесе Пайдаланушылар осы тармақты бұзған жағдайда, осы Келісімді біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

7.21. Оператор Пайдаланушыға Сервисті пайдалана отырып, оның ішінде Пайдаланушының іс-әрекеттерінің заңдылығына күмән туындаған, сондай-ақ Пайдаланушының іс-әрекеттері осы Келісімнің шарттарына сәйкес келмеген жағдайда, Абоненттік нөмір және Пайдаланушы ұялы байланыс Операторымен жасасқан ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы қолданыстағы шарттың болуы туралы анық емес мәліметтерді хабарлауды қоса алғанда, Төлем /немесе аударым жасаудан бас тарту (Сервисті пайдалануға қол жеткізуді бұғаттауды жүзеге асыру) құқығын өзіне қалдырады. Бұл ретте, Оператор Пайдаланушыдан мыналарды талап етуге құқылы:

- Сервисті (оның ішінде құжаттық, қағаз тасымалдағышты) пайдалана отырып, Пайдаланушының операциялары туралы қосымша ақпарат беруді;
- Пайдаланушыны сәйкестендіретін деректерді көрсете отырып, құжаттарды ұсынуды (олардың нотариаттық көшірмелерін ұсынуды).

7.22. Оператор Пайдаланушының төлемді және/немесе аударымды, оның ішінде Төлемге және/немесе аударымға байланысты үшінші тұлғалардың комиссияларының құны, осындай мәміле бойынша төлемді қайтару және Пайдаланушы және/немесе алушы төлемді және/немесе қолданылатын салықтар мен алымдарды төлеуі бөлігінде, алушымен мәмілесінің жарамдылығын, оның шарттарын, сол сияқты, азаматтық-құқықтық мәмілені жасасу, орындау және бұзу фактісі мен салдарын реттемейді және бақыламайды. Сондай-ақ, Оператор алушының мәміле бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде сатып алынған тауарларды/қызметтерді Пайдаланушыға беру жөніндегі міндеттемелерін төлемді және/немесе аударуды орындамауына (тиісінше орындамауына) қатысты Пайдаланушының шағымдарын қарамайды. Алушы Пайдаланушы сатып алған тауарлар және/немесе қызметтер үшін төлемді және/немесе ақша аударымын қайтарған жағдайда, ақшаны қайтару Жүйенің қағидаларын ескере отырып, Пайдаланушының электрондық әмиянына жүзеге асырылады.

7.23. Оператор Клиенттің рұқсат етілмеген операцияны өтеу туралы жазбаша өтінішінің негізінде, рұқсат етілмеген Төлем және/немесе аударым фактісін анықтау бойынша шараларды қабылдайды және осындай өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оған рұқсат етілмеген операция көлеміндегі ақша сомасын өтейді немесе рұқсат етілмеген операцияны өтеуден бас тарту туралы хабарламаны жібереді.

Үшінші тұлғалардан ақпарат алу немесе тексеру жүргізу арқылы қосымша зерделеу қажет болған жағдайда, Оператор өтінішті қарайды және ол бойынша 45 (қырық бес) күнтізбелік күн ішінде шешім қабылдайды, бұл туралы Клиентке хабарлайды.

Рұқсат етілмеген операцияны өтеуден бас тарту осы Келісімнің талаптарын, Жүйе Қағидаларын, Қазақстан Республикасы заңнамасын, санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы қолданылатын заңнаманы бұзуды немесе оның Сервисті пайдалана отырып, алаяқтық операцияларға қатысуын растайтын негіздер, белгілер немесе фактілер болған кезде жүзеге асырылады.

- 7.24. Оператор Клиенттің өтініштерін осындай өтініштерді алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды. Клиентке өтініштерді қарау нәтижелері туралы, оның ішінде жазбаша нысанда (клиенттің талабы бойынша) ақпарат жіберіледі.
- 7.25. егер бұл орындалмау Келісім жасалғаннан кейін туындаған және қатарынан 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам уақытқа созылатын еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, оны Тараптар ақылға қонымды шаралармен болжай да, алдын ала да алмаса, Тараптар осы Келісім бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Мұндай төтенше жағдайларға мыналар жатады: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа да табиғат құбылыстары, сондай-ақ Тараптардың осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындауына тікелей немесе жанама кедергі келтіретін әскери іс-қимылдар, заң актілерінің, мемлекеттік органдардың үкіметтік қаулылары мен өкімдерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі, компьютерлік жүйелердің істен шығуы және Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс кез келген басқа да мән-жайлар. Өз міндеттемесін тиісінше орындай алмайтын тарап, міндеттеменің орындалуына кедергі келтіретін мән-жай мұндай мән-жайдың болжамды қолданылу мерзімі және тоқтатылуы туралы екінші Тарапқа дереу жазбаша хабарлауы тиіс. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының бар екендігінің тиісті дәлелі еңсерілмейтін күш мән-жайы немесе оның тікелей салдары болған елдің уәкілетті органының сертификаты немесе өзге де құжаты болып табылады.
- 7.26. Егер Оператор ресурстар немесе қызметтер кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылады деп негізді пайымдаса, Оператор тиісті ақпаратты Уәкілетті органға бере отырып, Пайдаланушының сервисті пайдалануға рұқсатын қосымша хабарламасыз дереу бұғаттауға құқылы.
- 7.27. Оператор Қазақстан Республикасының Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының деректерінің негізінде террористік және экстремистік қызметке қатысы бар ұйымдар мен тұлғалардың тізімінде болуына қатысты, Пайдаланушыларға тұрақты негізде тексеру жүргізеді. Сәйкестіктер болған жағдайда, Оператор тиісті ақпаратты Уәкілетті органға бере отырып, Пайдаланушының Сервисті пайдалануға рұқсатын қосымша хабарламасыз дереу бұғаттауға құқылы.

8. Басқа ережелер, дауларды қарау тәртібі.

- 8.1. Осы Келісім Келісімнің 2.2-тармағында көрсетілген тәртіппен оның шарттары қабылданған сәттен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзім ішінде немесе ол бұзылғанға дейін қолданылады.
- 8.2. Клиент кез келген уақытта Төлем Сервисін пайдалануға тыйым салуға және\немесе одан бас тартуға құқылы, бұл ретте Сервисті пайдалануды тоқтату Клиентті осындай пайдалануды тоқтатқанға дейін туындаған берешектен босатпайды. Осы тармақ бойынша Келісімнің нақты бұзылуы Тараптар арасындағы өзара есеп айырысулар аяқталғаннан кейін басталады.
- 8.3. Клиент үзінді көшірме қалыптастырылған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен аспайтын, бірақ операция жасалған күннен бастап 45 күнтізбелік күннен кешіктірмей, электрондық әмиян бойынша үзінді көшірмеге енгізілген сомаларға шағым жасауға құқылы. Сомаға шағым жасау қолда бар құжаттарды (шағым жасалған сомаға чекті) қоса бере отырып, электрондық әмиян Ұстаушының қолы қойылған Операторға жазбаша түрде өтініш беруі арқылы жүзеге асырылады;
- 8.4. Оператордың тарифтеріне сәйкес, осы Келісіммен және осы шарттармен Клиент Оператордың электрондық әмиян бойынша операцияларға шағым жасауы бойынша көрсеткен әр қызметін уақытылы төлеуге міндеттенеді.
- 8.5. Клиент осы Келісімді Жүйе Қағидаларының талаптарын (3 «Төлем ұйымының Клиенттеріне төлем қызметтерін көрсету тәртібі мен мерзімдері» тарауы, осы Келісімнің 3.1.7 «Электрондық ақша жүйесінде электрондық әмиянды жабу тәртібі» тармақшасы) сақтай отырып, сондай ақ

таңдалған тәсілдердің бірімен Оператормен бекітілген нысан бойынша электрондық ақша әмиянын және электрондық төлем құралын жабуға өтініш беру арқылы бұзуға құқылы:

- Мобильді қосымшадағы «Өтініштер» бөлімінде,
- Мобильді қосымшадағы «Бізбен байланыс» бөлімінде,
- құжаттармен алмасу жүйелері арқылы⁴,

ұялы байланыс операторымен ұялы байланыс қызметтерін көрсету шартының тоқтатылуына байланысты бұзуды қоспағанда, кейіннен кейін барлық электрондық әмияндарды жаба отырып, бұзылған күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын. Электрондық әмиянды жабу рәсімін Оператор электрондық әмиянды жабу туралы өтініш берілгеннен кейін 15 (он бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүзеге асырады.⁵ Сервисті пайдалануға байланысты берешегі болған жағдайда, Клиенттің келісімді біржақты тәртіппен бұзуына жол берілмейді.

8.6. Осы Келісім бұзылған кезде, электрондық ақшаны өтеу Жүйе Қағидаларының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

8.7. Келісім Оператор мен Клиент арасындағы өзара есеп айырысулар толық аяқталғаннан кейін тоқтатылады. Келісімді бұзу және тоқтату электрондық әмиянды жабуға негіз болып табылады.

8.8. Пайдаланушы Сервисті немесе осы Келісімді пайдалану шарттарын кез келген тәсілмен бұзған жағдайда немесе осы Келісімде немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша, Оператор Сервисті пайдалануға тыйым салуға және/немесе осы Келісімді бұзуға құқылы. Оператордың бастамасы бойынша Шартты бұзған кезде Клиенттің берешегі болмаған кезде және Есептік жазбада электрондық ақша болған кезде, Оператор оларды Клиентке Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде Пайдаланушының атына ашылған банктік шоттың деректемелері бойынша қайтаруды жүзеге асырады. Бұл ретте, бұрын бонустардың теңгеріміне есептелген бонустар өтеуге/қайтаруға/алып қоюға / аударуға жатпайды.

8.9. Тараптар осы Келісімді орындау барысында немесе оған байланысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер тәсілімен шешу үшін барлық күш-жігерін салады. Тараптардың бірі екінші Тарапқа даудың болуы туралы тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде дауды бейбіт келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, осы Келісім шеңберінде туындайтын барлық даулар сот тәртібімен шешілуі тиіс. Іс жүргізу тілі орыс тілі болады. Осы Келісімнен туындайтын құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түсіндіріледі және реттеледі.

8.10. Тараптардың ешқайсысы осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да бір үшінші тарапқа бере алмайды.

8.11. Оператор Сервисті ұсынуды тоқтатуға немесе оны беру тәртібі мен шарттарын өзгертуге, осындай өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгенге дейін күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын Жүйе Операторының сайтында/Мобильді қосымшада осындай өзгерістерді/хабарламаларды орналастыру арқылы осы Келісімге біржақты тәртіппен өзгерістерді енгізуге құқылы. Сервисті пайдалануды жалғастыру Клиенттің Келісімге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен келісуін және оларды толық және сөзсіз қабылдауын растайды.

8.12. Мынадай оқиғалардың бірі басталған кезде Оператордың міндеттемелері тоқтатылды, ал осы Келісім автоматты түрде бұзылады деп есептеледі:

- a) белсенді емес Пайдаланушы, нөлдік теңгерім мәртебесі берілген Пайдаланушының есептік жазбасына қол жеткізгенде;
- b) Пайдаланушының Есептік жазбасы нөлдік теңгерімге ие Пайдаланушыға белсенді емес Пайдаланушы мәртебесін беру кезінде.

8.13. Клиент Оператордың веб-сайтына/Мобильді қосымшасына жүгіну арқылы Сервистегі өзгерістер туралы ақпаратты дербес алады.

⁴ «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС-не құжаттарды (Өтініштер, хаттар/ұсыныстар және/немесе шағымдар мен өтінімдер) беру рәсімі мына сілтеме бойынша қолжетімді: [Кенце](#) | [Simply Кенце](#) | [Simply](#)